

**«Театр тарихы» пәні бойынша
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған
тест спецификациясы**

1. Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

2. Міндеті: Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Мазмұны: «02150500 - Актерлік өнер» мамандығы, 4S02150501 - Драма театрының әртісі, 4S02150502 - Музыка театрының әртісі, 4S02150503 – Қуыршақ театрының әртісі, 4S02150504 – Сөз сөйлеу жанрының әртісі, 4S02150505 – Эстрада жанрының әртісі біліктіліктеріне арналған «Театр тарихы» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Көне театр. Ортағасыр театры Қайта өрлеу дәуіріндегі Европа театры.	1	Ежелгі Грецияда театрдың пайда болуы. Эхил,Софокл, Еврипид трагедиялары. Көне грек қойылымдарының құрылымы.
		2	Эллинистік театрдың сахналық техникасы. Ежелгі Рим театрының бастауы. Ателлана маскалары.
		3	Бірінші Рим драматургтері. Орта ғасыр жанрлары. Қайта өрлеу дәуіріндегі Италия, Испания театры.
		4	Ж.Расин – махаббат-психологиялық трагедиясын жасаушы Франциядағы халықтық комедияның негізін қалаушы – Мольер. Ағылшын ағартушылық драматургия жанрларының қалыптасуы. XVIII ғасыр француз комедиясының эволюциясы. Шиллердің драматургиялық тәсілінің ерекшеліктері.
		5	Шығармашылық кезеңдері. Ұлы Француз буржуазиялық революция кезеңіндегі театр.
		6	Ағылшын, Неміс, Француз романтизмінің театрда қалыптасуы.
2	XX ғасырдың бірінші жартысындағы Еуропа мен АҚШ театры. Драма қойылымдарының мазмұндық сипаты.	7	Француз театрындағы натурализм. М.Метерлинктің символизмі. Скандинавия театры. Ағылшын театры.
		8	О.Уайльдтің театрлық-эстетикалық көзқарастары.
3	Орыс театрының тууы мен дамуы. Жаңа кезең. XVII ғасыр. Сарайлық театр. Мектептік театр.	9	XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы орыс театры. Драматургия, актерлік өнер, режиссура, театр сынының объектісі ретінде.

4	Қазақстанның сахналық өнері мен драматургиясының алғашқы қадамы. Халық өнері. Қазақ театрының ұлттық ерекшеліктері.	10	Әдеби жанрларының даму жолдары. Жанрлардың классификациясы. Драма талдаудың принциптері. Құрылым, конфликт, жанр түрлерін ажырата білу.
5	Қазақ театры Тәуелсіздік жылдан кейінгі театр	11	Тәуелсіздіктен кейінгі 20 жылда театр сахнасына қойылған тарихи спектакльдерді талдау. Кейіпкержандылық өнер. Кейіпкермәнділік өнер. Кейіпкерсәнділік өнер.
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Театр және драматургия тарихын оқытудың мақсаты мен міндеті. Мамандарды даярлауда пәннің алатын орны мен ролі, осы пәннің басқа пәндермен байланысы.

Міндеті: бөлім бойынша алынған білім нәтижесінде білім алушы театр тарихы бойынша мәліметтерді білуі; әр кезең ерекшелігін жете түсініп, ажырата білуі; драматургтер шығармашылығын біліп, жекелеген пьесалармен танысу; әр ел мен кезең театрларын біліп, талдай білу; оқыған пьесаларын талдай білуі міндетті.

Тендеулер және тендеулер жүйесі: XIX ғасырдың басындағы дүниежүзіндегі тарихи ірі оқиғалар дүмпуінің театрларға ықпалы. Әдебиет пен өнердің әртүрлі философиялық мектептермен байланысы. Экспрессионизм мен сюрреализм.

Қажетті дағды: Теориялық мәліметтерді игеру және бағыттардың ара жігін аша білу.

Курс мәселесінің оқыту жүйесі:

- қазақ театр өнерін оқып үйренудің құрылымдық принциптерін игеру;
- сахналық өнердің негізгі даму эволюциясын түсіну;
- қазақ режиссурасы әлемдік режиссурамен байланыстыра оқыту;
- режиссура өнерінің әртүрлі әдістемелері, бағыттары, концепцияларын ұғыну;

Методикалық әдістеме: сабақтар хронологиялық принципке негізделген. Режиссерлердің шығармашылығы туралы толықтай мағлұмат беру және театрлық-теориялық мәселелер туралы түкпілікті білім қалыптастыру. **Міндеттері:** –әр түрлі мәтіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру. Өзбетінше талдауына ықпал етіп, оны тәжірибесінде қолдана білуге жәрдемдесу. Қосымша әдебиеттердің де маңызды ролін ұмытпау Бірқатар терминдер мен ұғымдарды түсінуде анықтамалық әдебиеттерді: энциклопедияларды, сөздіктерді, түсіндірме сөздіктерді, анықтамалық сөздіктерді қолдану.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ театр тарихы. I-II том
2. Б.Құндақбаев «Театр туралы толғау» Алматы. Өнер. 2006. 320 бет + 16 бет жапсырма
3. Құндақбаев Б. «Заман және театр өнері». Алматы. «Өнер». 2001
4. Молтобарова К. Режиссер Мәмбетов феномені. Алматы. Қазығұрт 2011. 296 б.
5. Рахимов Ә. «Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін». Алматы. Тарих ғылымы. 2010;
6. Құрастырушы. Р.Г.Хаджиева. Режиссер өнері. Алматы. 2008 – 208 б.
7. Тоқпанов А. «Іңкәр дүние»-Алматы: Жалын, 1991 ж.
8. Байсеркенов М. «Сахна және актер»-Алматы: Ана тілі, 1993 ж.
9. Байсеркенов М.«Қойылым және қолтаңба»-Алматы: Өнер, 1989 ж.
10. Товстоногов Г.А. «Круг мыслей»-Ленинград, 1972 г.